

Келес ауданы
ЖШС «Нұрлы Жол» бөбекжай балабақшасында өткізілген меңгеруші
жанындағы
жиналыстың

№ 1 Хаттамасы

Қатысқаны: 19

Қатыспағаны:

18-қазан
2023 жыл

Күн тәртібінде

1. Күн тәртібінің ұйымдастырылуы
2. Стандартқа енгізілген өзгерістермен таныстыру, ендіру.
3. Жаңа келген балаларды қабылдау, барлық балалардың психологиялық дайындығы.

Сөз алғандар: А.Дербисова
 (мейірбике)
 Б.Усербаева
 (меңгеруші)
 А.Сапарбаева
 (әдіскер)

МАД тобының тәрбиешілері

Тындалды: Балабақша меңгерушісі Б.Усербаева, жиналысты ашық деп жариялап, күн тәртібіндегі мәселелрмен тансытырды.

Бірінші мәселе бойынша: бақпаның әдіскері күн тәртібінің ұйымдастырылуын айтты. Біздің балабақшамызда жаңа оқу жылына күн тәртібі ұйымдастырылған. Әр топ өз жас ерекшелігіне сәкестендіріліпжасалған. Күн тәртібін тиімді ұйымдастыру бала тәрбиесі тұрғысында өте пайдалы. Күндік режимді дұрыс ұйымдастыра білу- баланың өмірге бейімділігін арттырып, жұмысқа қабілетін күшейтеді, денсаулығын жақсартуға әсер етеді, сондықтан тәрбиешілер күн тәртібін дұрыс ұйымдастырып орындауларыңыз шарт деп сөзін аяқтады.

Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Б.Усербаева, сөз алды. Жаңа мемлекеттік стандарт талаптарына орай топтардың жұмысын жалғастыру мақсатында Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастырып педагогикалық кадрларға қойылатын талаптармен, олардың біліктілігін арттырып және қайта даярлап, бала дамуының деңгейін жүйелі бағалап қамтамассыз етуіміз керек және нормативтік құжаттарды міндетті түрде орындап мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының және мектепалды даярлық топтарының педагог кадрлары белгіленген тәртіпте қайта даярлаудан өтеді деді.

Келес ауданы
ЖШС «Нұрлы Жол» бөбекжай балабақшасында өткізілген меңгеруші
жанындағы
жиналыстың

№2 Хаттамасы

Қатысқаны: 18
Қатыспағаны: 1

20 - желтоқсан
2023 жыл

Күн тәртібінде

1. Денсаулық саласы бойынша ересек топтарда денсаулық сақтау техникаларын жүзеге асыру
2. «Таным» саласы бойынша кіші топтарда көрнекіліктер сапасын тексеру
3. Топтардағы табиғат бұрышының жағдайы тақырыптық тексеру (байқау)

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Б.Усербаева, жиналысты ашық деп жариялап, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Бірінші мәселе ойынша «Денсаулық» саласы бойынша ересек топтарда денсаулық сақтау техникаларын жүзеге асыру туралы балабақша әдіскері баяндама жасады.

- Балалардың желтоқсан айына дейінгі құзыреттілік деңгейін анықтау индикаторы бойынша «Денсаулық» саласының тақырыптық білімдерінің жалпы пайызы слайдтан көріңіздер деп сөзін аяқтады.

Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Б.Усербаева, кіші топтардағы балалардың «Таным» саласы бойынша іс-әрекетінің мазмұнын сараптады.

«Таным» білім беру саласының базалық мазмұны:

- Сенсорика
- Құрастыру
- Қоршаған ортамен таныстыру ұйыдастырылған оқу іс-әрекетінде жүзеге асады.

Сенсориканың негізгі мақсаты: заттардың ерекше қасиеті ретінде түсі, көлемді, пішінді атап көрсете білуге тәрбиелеу, осы қасиеттерді немесе сапаларды меңгерту.

Міндеттері:

1. Балаларды заттардың сенсорлық қасиеттеріне зейіндерін аударуға үйрету, біркелкі нысандардың көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтаудың қарапайым жолдарын қалыптастыру.

Келес ауданы
ЖШС «Нұрлы Жол» бөбекжай балабақшасында өткізілген меңгеруші
жанындағы
жиналыстың

№3 Хаттамасы

Қатысқаны: 19
Қатыспағаны:

12 - наурыз
2024 жыл

Күн тәртібінде

1. МАД топтарындағы ұйымдастырылған іс әрекетін өткізу сапасы, туындайтын қиындықтар
2. Мектеп пен балабақша және отбасы қарым – қатынас жұмыстар
3. «Қатынас» саласы мнемокесте арқылы тіл байлығын дамыту салыстырмалы тексеру. Ортаңғы топтар
4. Мерекелер қарсаңында балалармен жұмыс жасау жүйесі

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Б.Усербаева, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды, танымдық құзыреттілік арқылы баланың рухани адамгершілік, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу нәтижесін айтты.

МАД топтарындағы ұйымдастырылған іс әрекетін өткізу сапасы, туындайтын қиындықтар туралы балабақша әдіскері – баяндады. Мектепке дейінгі жастағы балаларды дамытудың өзектілігі бір ғана мақсатпен түсіндіріледі: дені сау, ақылды және мейрімді, терең ойлы бала қалыптасатындай білім беру. Сондықтан мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларында баланың жан-жақты дамуын көздейді. Адамгершілік тәрбиесі жастардың қоғамға, отбасына, еңсе, білімге, Отанға, жер бетіндегі бейбітшілікке қатынасын қалыптастырады. Салыстырмалы тексеру қортындысы бойынша бастапқы деңгейге қарағанда ересек топта ілгеріндеу көзге көрініп тұр. МАД «Балапан-2» - 2,7.

Екінші мәселе бойынша «Мектеп пен балабақша және отбасы қарым – қатынас жұмыстар» туралы балабақша әдіскері баяндады.

Отбасы адамзат бесігін тербеткен ұя болса, баланың бас ұстазы – ата-ана. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген ата-бабаларымыздан қалған асыл сөздің сырына үңілер болсақ, бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады.

Отбасы мен балабақша арасындағы байланысты күшейтіліп, бағытты жұмыс жүргізіліп, ұйымдастырылатын мерекелік іс-шараларға және топ жиналыстарына ата-аналарды таратудың қажеттілігі:

- Балалар маңызды жетістіктерге жетіп жүр;
- Балалар еліктеудің жаңа үлгісін алып жүр;
- Ересектер мұғалім жұмысымен жақын танысып, оны бағалай біледі;

- Ата-аналар және отбасы мүшелері өздерінің бала тәрбиелеуге, оқытуға қатысы бар екендігін сезініп жүр.

Үшінші мәселе, бойынша сөз алған балабақша әдіскері: «Қатынас» саласы мнемокесте арқылы тіл байлығын дамыту салыстырмалы тексеру қорытындылады. Ана тілінің базалық құндылықтарын меңгеру және басқа тілдерде мәдени-әлеуметтік өзара қарым-қатынасқа дайындау, көптілді тұлғаны тәрбиелеу үшін жыл бойы жұмыстар жүргізілді. Мектепке дейінгі ересек жастағы бала сауат аша бастағанда өзінің тілін талдауға кіріседі және оның сөйлемдерден тұратынын біледі, ал сөйлемдердің жекелеген сөздерден, сөздердің буындардан, буындардың дыбыстардан құралатынын түсінеді.

Сауат ашудың бастапқы кезеңі – бұл баланың бойында тілге жаңа көзқарасты қалыптастыру. Сөздерге дыбыстық талдау жасау дағдыларын үйрету, әр оқу қызметке бағыттау жақсы нәтиже береді. Сөздерді буынға бөлдіру, сөздермен, сөйлемдермен таныстыру. Психологиялық тұрғыдан қарағанда, сауат ашудың бастапқы кезеңі-бұл баланың бойында тілге жаңа көзқарасты қалыптастыру. Тілдің өзі, оның сыртқы дыбыстық жағы таным нысанына айналады. Сондықтан сауат ашу кезеңінде фонемалық естуді, сөз тасқынындағы жеке сөздерді, сөздегі дыбыстарды айыра білу икемдігін дамытуға көп көңіл бөлінеді.

Сөздер мен жекелеген дыбыстардың дыбыстық бейнелерін қалыптастыру негізінде бала сөйлеу нормаларын меңгере бастайды, оның дұрыс айтылуына көңіл бөледі. Сөздің дыбыстық құрамы ана тілінің грамматикалық құрылысын игеру кезінде де, сауат ашу тұсында орталық түйін болады.

Төртінші мәселе, мерекелер қарсаңында балалармен жұмыс жасау жүйесі орныққан және толыққанды түрде жүргізілуде. Ертеңгіліктердің мәнді де сәнді өтілуіне жауапты ән жетекшілер екенін нақтылап өтті. Жиналыс соңында қаулы қабылданып, шешім шығарылды.

Шешім:

1. МАД топтарындағы ұйымдастырылған іс әрекетін өткізу сапасы қанағаттанарлық деңгейде деп бағаланып, туындайтын қиындықтардың алды алынсын.
2. Мектеп пен балабақша және отбасы қарым – қатынас жұмыстар
3. «Қатынас» саласы мнемокесте арқылы тіл байлығын дамыту бойынша, салыстырмалы тексеру қорытындысы бойынша қанағаттанарлық деңгейде деп бағалансын.
4. Мерекелер қарсаңында балалармен жұмыс жасау жүйесі негізделсін. Қадағалау әдіскерге міндеттелсін.

Балабақша меңгерушісі: Б.Усербаева
Хатшы: А.Сапарбаева



Келес ауданы
ЖШС «Нұрлы Жол» бөбекжай балабақшасында өткізілген меңгеруші
жанындағы
жиналыстың

№4 Хаттамасы

Қатысқаны: 19
Қатыспағаны:

17 - мамыр
2024 жыл

Күн тәртібінде

1. Салт – дәстүр үрдісінде адамгершілік қасиеттерін дамытуда қолданылатын сюжетті рөлді ойындар
2. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері мен білім беру нәтижелері
3. «Алақай, жаз келді» - жазғы шынықтыру – сауықтыру іс – шараларын талдау, техникалық қауіпсіздік.
4. Балабақшаның жеткен жетістіктері

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Б.Усербаева, жиналысты ашық деп жариялап, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Бірінші мәселе бойынша сөз алған балабақша әдіскері, былай деді: Қазіргі кезеңде баланы тұлға ретінде қалыптастыру, оның бойына ұлттық әдеп-ғұрып пен салт-дәстүр мұраларын сіңіру, имандылыққа тәрбиелеу бүкіл халықтық іске айналып, жұртшылық назарын аударуда.

Тәрбие тағлымы баланың нәрестелік шағынан бесік жырымен біртіндеп іске асырылып, санасына орнығып отыратын ұзақ үрдіс. Сол себептен қоғам өміріндегі білім беру саласындағы әрбір жаңалық мектепке дейінгі тәрбиеге тікелей әсер етіп, тәрбие мазмұнын жаңарту ісіне ықпал жамап келеді.

Бағдарламаға сәйкес бейнелеу өнері сабақтарына басшылық жасауда тәрбиеші баланың күнделікті өмірден алған әсерлері мен психикалық процестеріне: есте сақтауы, қабылдауы, ойлауы, қиялдауы және арнайы қабілеттілігінің дамуына ықпал етуін ескертуі тиіс. Бейнелеу өнері сабақтарын ұйымдастыруда айналаны бақылату үшін саяхаттар мақсатты серуендерге апарды, көргендерін ой елегінен өткізіп, танымдық қасиеттерін дамытуды, баланың белгілі бір затқа немесе құбылысқа зейінін тұрақтандырып, бейненің сипатына қарай іс-әрекет тәсілдерін тандап алуға бағыттады.

Екінші мәселе бойынша, балабақша әдіскері баяндады. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері мен білім беру нәтижелері өз деңгейінде, 6 топ тәрбиешілері балалардың жасерекшелігіне сәйкес ашық ұйымдастырылған іс әрекетін өтті.

Үшінші мәселе бойынша бақшаның шаруа меңгерушісі, балабақша қызметкерлерін жазғы сауықтыру, шынықтыру және балалар өмірі мен денсаулығын сақтау, техникалық қауіпсіздігін сақтау бойынша нұсқаулықтармен таныстырды.

2023-2024 оқу жылында балабақшаның жеткен жетістіктері талқыланып, кемшілік тұстары айтылды. Алдағы уақытта кемшіліктерге жол берілмеуін қатаң түрде балабақша меңгерушісі ескертті.

Жиналыс соңында қаулы қабылданып, шешім шығарылды.

Шешім:

1. Салт – дәстүр үрдісінде адамгершілік қасиеттерін дамытуда қолданылатын сюжетті рөлді ойындар қоры толықтырылсын.
2. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері мен білім беру нәтижелері қанағаттанарлық деңгейде. Қадағалау жұмыстары әдіскер – А.Сапарбаеваға міндеттелсін
3. «Алақай, жаз келді» - жазғы шынықтыру – сауықтыру іс – шараларын талдау, техникалық қауіпсіздік шаралары сақталсын, балабақша қызметкерлері толық таныстырылсын.
4. Балабақшаның жеткен жетістіктері қанағаттанарлық деңгейде деп бағалансын.

Балабақша меңгерушісі: Б.Усербаева
Хатшы: А.Сапарбаева

